



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ ЖӘНЕ «БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ»


Қатысушылар алдымен виртуалды кеңістікте өнер көрсетіп, кейін сол спорт түрінің нақты алаңдағы кезеңіне қатысады. Мұндай формат «фиджитал» (phygital) деп аталады. Бұл атау ағылшынның «physical» (физикалық) және «digital» (цифрлық) сөздерінен шыққан. «Болашақ ойыны» алғаш рет 2024 жылы Қазан қаласында өтті. Жобаның негізгі мақсаты – жаңа технологиялардың мүмкіндігін пайдалана отырып, жастар арасында спортты насихаттау және цифрлық дәуірге сай жаңа жарыс форматын қалыптастыру болды. Әлем назарын аударған ойын одан кейін Абу-Дабиде жалғасын тапты. Ал үшінші дода бүгінде Астанада өтуде. Ашылу салтанатына Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекетінің Президенті қатысты. Бүгінде елордада 30-дан астам мемлекеттен 800-ге жуық спортшы келіп, жаңа буын ойындарында бақ сынауда. Ойынның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл классикалық спорт пен кибериндустрияны тоғыстырған жаһандық фиджитал-козғалысқа тың серпін беретінін айтты. Сондай-ақ спорттың күш-қуаты, ақыл-ой мен цифрлық дәуірдің әлеуеті үйлесім тапқан турнирдің баршаға ортақ жасаппаздық ұстанымымен үндесетінін атап өтті.

– Бұл спорт пен интеллектің үйлесімі, сонымен қатар күш-қайрат пен зияткерлік әлеуеттің бәсекесі. Олардың арасында қарама-қайшылығы жоқ, керісінше бір-бірін толықтыратын ұғымдар екеніне көзіміз жетіп отыр. Алдағы сайыстардың түпкі философиялық мәні де – осында. Осынау жаһандық ауқымдағы ойындар барша адамзаттың жарасымды әрі бейбіт болашағын айшықтайды. Қазақстан қашанда халықаралық қауымдастықпен бірге бейбітшілікті, қауіпсіздікті, әділеттілікті пен дамуды қолдай береді.

Бұл турнир кереғар дүниелерді бір арнаға тоғыстырады. Оның негізінде шынайы және виртуалды әлем арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдік жатыр, – деді Президент.

Халықаралық турнирде спортшылар фиджитал-футбол, фиджитал-баскетбол, фиджитал-жекпе-жек, фиджитал-шутер, фиджитал-би, Dota 2, Mobile Legends, Bang Bang, PUBG: Battlegrounds секілді 8 бағытта күш сынасауда. Бұл дода жаңа форматтағы халықаралық спорттық жарыстардың негізін қалап, әлем назарын аударды. Айта кетелік, бұл ойынның жүлде қоры да қомақты, 4,5 млн доллар. Сондай-ақ

бұл ойынның астанада өтуі Қазақстанның цифрлық мүмкіндігін де көрсететіні сөзсіз. Жоғары деңгейдегі халықаралық спорт бәсекесінің елімізде өтуі үлкен мәртебе екені даусыз. Айта



кетелік, бұл жарыс тек спортшылардың ғана емес, инженерлердің, бағдарламашылардың, ойын әзірлеушілердің және цифрлық технология мамандарының басын қосатын мүмкіндік алаңына айналды.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ
Сурет Akorda.kz-тен алынды




ҚАЛА ӘКІМІНІҢ БРИФИНГІНЕН

БАСТЫ МАҚСАТ – КӨРСЕТКІШ ЕМЕС, ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ



Тұрғындар арманындағы қала қандай? Халық пікірін ескерсек, бәрінің де қала туралы арманы бір арнаға тоғысады. Жайлы да, таза қала. Қысқа да нұсқа сөйлемнің ар жағында мұндай үдеген шығу үшін қыруар тірлік атқарылу керек. Жайлы қала тұрғындар ойдағыдай демалатын, инфрақұрылымы дамыған, көшесі түзу, жарығы самаладай... тізбектесе таусылмайтыны белгілі. Ал Қызылорда тұрғындар арманындағы қала ма? Қала әкімі Нұржан Ахатовтың өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында 6 айда атқарылған жұмыс барысы туралы БАҚ өкілдеріне берген брифингтен осы сауалға жауап іздеп көрдік.

Бүгінде Сырдың бас шаһарында жақсы жаңалық көп. Жыл өткен сайын жүзеге асқан жобалар, қаланы дамыту мақсатындағы игі істер қалалықтардың мақтанышына айналды. Қаланың қаржы тайқазаны да толыға түсуде. Сандарды сөйлестік, өткен жылы қала бюджеті 73 млрд 100 млн теңге болып бекітіліп, жыл соңына дейін бұл көрсеткіш екі есеге артып, 154 млрд 200 млн теңгеге жеткен. Ал биылғы қала бюджеті 94 млрд 200 млн теңге болып бекітіліп, қазіргі таңда облыстық бюджеттен бөлінген трансферттер арқылы нақты көлем 226 млрд 632,3 млн теңгеге жетіп отыр.



ИНВЕСТИЦИЯ – ЕЛ ИГІЛІГІ

Қала дамуы үшін инвестиция тарту маңызды екені белгілі. Бұл бағытта жүйелі жұмыс бар. Тағы да сандарды сөйлестік, биылғы бірінші жартыжылдықта негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 168 млрд теңгені құрады. Есеп өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 105,8 пайызды көрсетіп отыр. Оның ішінде жеке инвестиция көлемі 116 млрд 124 млн теңге, ол өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 116,9 пайызға артқан. Бүгінде құрылыс алаңына айналған қалада қарқынды жұмыс бар. Жыл он екі ай құрылысы қызған шаһардағы жұмыс нәтижесін тұрғындар да көріп отырғаны сөзсіз. Брифинг барысында атап айтылғандай, құрылыс жұмыстарының көлемі 73 млрд теңгеге жетіп, 114,8 пайызға орындалған. Ал пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 201399 шаршы метрді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 100,5 пайызды межеледі. Ал ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2 млрд 897 млн теңгені құраған. Сонымен қатар өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 276 млрд 183 млн теңгеге жеткен. Өңдеуші өнеркәсіп саласында 49 млрд 136 млн теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 127,5 пайызға артқан. Бөлшек сауда көлемі 241 млрд 267,8 млн теңгеге жетіп, 102 пайызға артығымен орындалған.

2-БЕТТЕ

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІНЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНЕДІ?

Жүргізушілерді алдағы тамыз айында өзгерістер күтіп тұр. Осы жылдың 25 тамызынан бастап елімізде «Жол жүрісі туралы» заңға енгізілген жаңа түзетулер ресми түрде күшіне енеді. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, бұл реформа жолдағы апаттарды азайту және тәртіпті нығайту үшін қабылданып отыр. Жаңа ережелер 65 жастан асқан көлік жүргізушісіне, өрескел заң бұзушыларға, тіпті электросамокат мінітіндерге де тікелей әсер етпек. Сонымен, әрбір отандық жүргізуші қандай маңызды өзгерісті білугі тиіс?



Ішкі істер министрлігінің хабарлауынша, 65 жастан асқан және мүмкіндігі шектеулі жүргізушілерді міндетті медициналық тексеруден өткізу механизмін жетілдірілді. 65 жастан асқан және мүмкіндігі шектеулі жүргізушілер екі жыл сайын медициналық тексеруден өтуі тиіс. Міндетті

медициналық тексерулер туралы ақпарат денсаулық сақтау министрлігі мен ішкі істер министрлігі арасында автоматты түрде беріледі. Егер медициналық тексеруден өткені туралы ақпарат болмаса, жүргізуші куәлігі автоматты түрде тоқтатылады.

4-БЕТТЕ

БАСТЫ МАҚСАТ – КӨРСЕТКІШ ЕМЕС, ТҮРҒЫНДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ

КӘСІПТІ ҚОЛДАУ НӘТИЖЕСІ

Шаһардағы кәсіпті қолдау бағытындағы жұмыс нәтижелі. Мемлекеттік бағдарламалар, жеңілдетілген несие шағын және орта кәсіптің дамуына, жұмыссыздар санын азайтуға сеп болғаны анық.

– Қаламызда кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағытында нақты нәтижелерге негізделген жүйелі жұмыс атқарылуда. Жыл басынан бері «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 224,4 млн теңгені құрайтын 27 жобаға 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие берілді. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жалпы құны 122,8 млн теңгені құрайтын 5 жоба қаржыландырылған. «Аграрлық несие корпорация» АҚ арқылы жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын 11 жоба қолдау тапты. Екінші деңгейлі банктардың кәсіпкерлік мақсатта ұсынылған несиелерін «Даму» қорымен субсидиялау шаралары жалғасын, жалпы құны 1,7 млрд теңгені құрайтын 11 жоба мақұлданды. Бұл өз кезегінде қала кәсіпкерлерінің санын 32 мыңнан, ал жұмыспен қамтылғандар санын 63 мыңнан асыруға ықпал етті, – дейді қала әкімі Нұржан Ахатов.

ЭКОНОМИКАНЫ ӨРТАРАПТАНДЫРУ ӨНІР ӘЛЕУЕТІНЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

Бүгінде қалада экономиканы әртараптандыру бағытында бірқатар инвестициялық жобалар бар. Жоба жүзеге асқанда қала экономикасын нығайта түссері анық. Бұл қала тұрғындары үшін жұмыс көзі, халықтың табысын арттыруға сеп болары сөзсіз.

– Шағын және орта бизнес саласында 862,2 млрд теңгеге өнім өндіріліп, өңірлік экономикаға елеулі үлес қосылды. Экономиканы әртараптандыру мақсатында бірқатар инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда.

Жыл басынан бері «Марал Нұр» серіктестігінің жолаушы вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге арналған жаңа өндірістік кешені пайдалануға берілді. Жоба нәтижесінде 100 жана жұмыс орны ашылды. Кешеннің қуаттылығы жылына 600-ден астам жолаушы вагонына техникалық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді, жоба құны – 5,6 млрд теңге.

Сонымен қатар «Алаш Метан» серіктестігінің метан газ құю бекеті бар жол бойындағы қызмет көрсету кешені іске қосылды. Бұл жоба өңірдегі жол бойы сервистік қызметтердің сапасын арттыруға және тұрғындар мен автокөлік жүргізушілеріне қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді, жоба құны – 650 млн теңге.

Өңдеу өнеркәсібі саласында «Rem Plast Invest» ЖШС-нің құны 559 млн теңгеге жылына 5,4 мың қағаз және картон зауытының құрылысы іске асуда. Құрылыс жұмысы биылғы қараша айында аяқталады, жоба құны – 559 млн теңге. Бұдан бөлек, агроөнеркәсіп кешенінде «Қызылорда Құрылыс НК» серіктестігінің 800 басқа арналған тауарлы сүт фермасының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жоба іске қосылғаннан кейін өңірдің сүт өнімдері өндірісін ұлғайтуға және ауыл шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қосады, – дейді шаһар басшысы.

Айта кетелік, қалада инвестор тарту арқылы жүзеге асып жатқан жобалар да бар. Мәселен, мамыр айында іргетасы қаланып, құрылыс жұмысы басталып кеткен санитарлық-техникалық жабдықтар өндіретін зауыт іске қосылса, қала экономикасына серпін берері сөзсіз. Испанияның «Rosa» компаниясының сантехникалық жабдықтары сапасымен әлемге танымал. Белгілі компания енді қалада зауыт салуда. Жобаның жалпы құны 104,1 млрд теңгені құрайды. Сонымен қатар «Seven Rivers Technologies» ЖШС неміс технологияларын пайдалана отырып, шыны ыдыстар шығаратын зауыт салуда. Жоба құны – 60 млрд теңге. Бір айта кетерлігі, екі зауыт іске қосылғанда 600 адамның тұрақты жұмыс орны болады.

ЖАЙМА БАЗАРДЫҢ УАҚЫТЫ ӨТТІ

Қалада базар айналасында құрылыс жұмысы қыза түскенін қарапайым тұрғындар байқап та жүр. Тіпті «базар қайда көшеді?» деп хабарласатын оқырмандар да аз емес еді. Алайда қайта жаңғырған базарды көріп, халықтың да көңілі жайланғандай. Бұл қарқынды жұмыс жайма базардың уақыты өткенін байқатады. Брифингте қала әкімі базарларды жаңғырту жұмыстары инвестор есебінен жүріп жатқанын атап айтты.

– Сауда базарларын жаңғырту жұмыстары аясында 5,8 млрд теңге инвестиция тарту көзделген. Мақсатты жоспарлардың нәтижесінде «Сұлтан» әмбебап базары толық жаңғырудан өтіп пайдалануға берілді. Қазір «Асбөл», «Сыбаға», «Талғат» сауда орындарында құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде, – дейді қала әкімі.

ТУРИЗМДІ ДАМУҒА БІР ҚАДАМ

Айта кету керек, қалада «Rixos» қонақ үйі салынатыны туралы ақпарат қалалықтарды елең еткізді. Демек, қалада туризмді дамытуға үлкен мүмкіндік екені даусыз. Брифингте Сырдың бас шаһарында «Rixos», «Ibis», «Papa» қонақ үйлерінің құрылысы жүріп жатқаны, бұл қаладағы қызмет көрсету саласын жаңа деңгейге көтеруге бағытталғаны атап айтылды.

ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІ

Сыр өңірі үшін ауыл шаруашылығы саласының орны бөлек. Қала маңындағы ауылдар да ата кәсіптен ажыраған емес. Саладағы сандарды сөйлестек: биыл қала бойынша 7819 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылы егілген. Жана жоңышқа – 690, қант құмайы – 57, арпа – 90, жаздық бидай – 70, жүгері – 185, мал азықтық дақыл 100 гектарға егілген. Ал 2681 гектар жерге негізгі дақыл – күріш егілген. Шаһар басшысы дикандар үшін вегетациялық кезеңде су тапшылығы болмағанын жеткізді.

Сондай-ақ су ресурстарын тиімді пайдалану бағытында атқарылып жатқан жұмыстар да айтылды. Соның бірі – Қызылжарма каналының науа құрылысы. Жұба құны 4 млрд

Басы 1-бетте



теңгені құрайтын науа жасау жұмысы бүгінде жүзеге асуда. Бұл өз кезегінде су үнемдеуге ықпалын тигізеді.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЖОО – БАСТЫ ТАЛАП

Брифинг барысында қала тұрғындарын жұмыспен қамту мақсатында атқарылып жатқан жұмыс барысы да қамтылды.

Биыл «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша көтерме жәрдемақыға 47,5 млн теңге бөлініп, бүгінгі күнге 35 маманға 15,1 млн теңге берілген. Бюджеттік кредитке 259,5 млн теңге бөлінген. Статистикалық дерек бойынша бүгінгі күнге қаладағы халық саны 368,9 мың адамды құраған. Өсу қарқыны – 1,2 пайыз. Жұмыс күшінің саны – 150,7 мың адам болса, жұмыссыздық деңгейі – 4,4 пайыз. Жыл басынан бері 4216 азамат жұмыспен қамтылса, оның ішінде 1492 адам тұрақты жұмысқа қабылданған. Жыл басынан бері 1256 адам қоғамдық жұмысқа, 9 адам әлеуметтік жұмыс орнына жіберілген. «Жақстар тәжірибесі» бағдарламасы аясында 174 жас маман жұмыспен қамтылған.

БАСПАНА – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Тұрғындарды баспанамен қамту қай кезде де өзекті екені белгілі. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 4919 пәтерді (172 үй) сатып алуға 101 млрд 45,7 млн теңге бөлінген. Бұл үйлердің жалпы ауданы 318,4 мың шаршы метрді құрайды.

Оның ішінде ипотека бойынша – 1113 пәтерді құрайтын көпқабатты 17 үй және әлеуметтік осал топтарға 3806 пәтер болатын 155 үй.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІП

Қала тіршілігінің өзегі – инфрақұрылым. Қала әкімінің қабылдауына келетін тұрғындардың айтатын негізгі мәселесі инфрақұрылым жайы екені даусыз. Қалада ауысу және көріз жүйелерін жаңғырту бойынша 4 жоба жүзеге асуда.

– Жыл сайын ауысу және көріз жүйелерін жаңалау жұмыстарын жүргізіп келеміз. Биыл да «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында құны 4 млрд 454 млн теңгені құрайтын 4 жоба жүзеге асырылуда. Яғни, Гагарин, Титов, Қызылжарма және Әл-Фараби аудандарында су құбырлар желісінің құрылысы басталады. Одан бөлек, қаламыздағы ағын суларды тазарту қуаты тозулігіне 70 мың текше метр биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру ісі қарқынды жүргізілуде. Қаланың орталық бөлігіндегі желілер ауыстырылып, Ақжарма ауылдық округіне қарасты Талдыарал елді мекеніне қосымша скважина орнатылуда, – деді шаһар басшысы.

Сондай-ақ жыл басынан бері Президент саябағы аумағындағы көпқабатты 15 тұрғын үй мен әлеуметтік нысандарға және сол жағалаудағы 5 қабатты 10 тұрғын үйге инфрақұрылым тартылуда. Мұнан бөлек, қаладағы электр желілері жаңартылып, Қызылжарма ауылдық округінің жаңадан қоныстанған аумақтарына ауысу және газ құбыры жүргізілмек.

ХАЛЫҚ СҰРАНЫСЫ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қала әкімі брифинг барысында жол жөндеу кезінде тұрғындар көп шағымданған шағын аудандар, елді мекендер жолдары назардан тыс қалмағанын атап айтты. Соны бірі – Сабазақ шағын ауданы. Биыл бұл аумақтың 35 көшесіне тас төселеді екен.

– Биыл бюджет қаржысының ауқымды бөлігін халықтың сұранысы мен талабы жоғары болып отырған жол-көлік инфрақұрылымын жақсартуға бағыттап отырмыз. Биыл бұл салада жалпы құны 38 млрд теңге болатын 23 жоба іске асырылуда. Аталған жобалар бойынша жалпы ұзындығы 71,1 шақырымды құрайтын 71 көшеге күрделі жөндеу, қайта жаңғырту және 1 көпір салу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда қаланың 32 көшесінде күрделі жөндеу жұмыстары қарқын алды. Өткен жылы 8 көшедегі жөндеу жұмысы толық аяқталса, биыл қалған 24 көшедегі жұмыстарды жыл соңына дейін қорытындылаймыз, – деді Нұржан Сәбитұлы.

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ

Қалада құрылыс қарқынды. Соның бірі – көпір салу жұмысы.

– Маңызды нысандардың бірі – «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы онтүстік магистралды канал арқылы өтетін жаңа көпірдің құрылысы. Бұл жобаның бүгінгі дайындығы жақсы деңгейде, оны қыркүйек айында пайдалануға береміз. Дәл осы қыркүйек айында Торайғыров көшесінде «Қызылорда-Құмкөл» автожолына дейінгі Сағымбаев көшесіндегі қайта жаңғырту жұмыстарын да аяқтаймыз. Бұл жаңа көпір мен жаңартылған Сағымбаев көшесі «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі мен Астана қаласынан келетін жолды түйістіретін үлкен, әрі заманауи қақпаға айналады. Бұдан бөлек, Назарбаев даңғылы мен бірқатар негізгі көшелерде қайта жаңғырту жұмыстарының қарқынды атқарылып жатқандығын жақсы білесіздер. Олар Тасбөгет кентіндегі Иманов, Бозғұл-1, Наурыз, Ш. Есенов көшелері. Осы көшелер плотинаға дейін кеңейіп, жол қозғалысына түсетін жүктеме азаяды. Өрине, біз қала орталығына ғана емес, шет аймақтарға да ерекше басымдық беріп келеміз. Қазіргі таңда кенттер мен ауылдық округтердің 32 көшесінде жол жөндеу жұмыстары қызу жүруде.

Ең ірі жоба – Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құрылысы. Жоба аясында екі жолақты өткел, көпір, тіреу қабырғалары, жаяу жүргіншілер жолы және жол жабыны салынады. Бүгінде айналма теміржол желілері төселіп, электр, байланыс, сыртқы жарықтандыру және ауысу инженерлік желілерін көшіру жұмыстары аяқталған.

Қала жағындағы және Шанхай тұрғын ауданындағы тіреу қабырғалары бетондалып, шпунттық свайларды орнату, көпір тіректерінің іргетасы мен негізгі темірбетондар қойылды.

Жоспарымыздағы тағы бір ілкімді іс – сол жағалау мен қаланы байланыстыратын автожол көпірі. Иса Тоқтыбаев көшесінен Сырдария өзені арқылы өтетін автожол өткелінің құны 19,5 млрд теңгені құрайды. Нысан құрылысын бастау үшін республикалық бюджетке өтінім берілді. Барлық нысан қала тұрғындарына жасалып жатқан игіліктің айқын көрінісі, – деді қала әкімі.

КӨРКЕЙГЕН АУЛА ЖӘНЕ ТАЗА ҚАЛА

Брифингте көпқабатты тұрғын үйлерді абаттандыру қарқынды жүріп жатқаны да атап айтылды. Бұл жоба аясында балалар ойын алаңдары, шағын футбол алаңдары мен воркаут аймақтары салынуда. Қазіргі таңда қала бойынша 26 көпқабатты тұрғын үйдің ауласында құрылыс жұмыстары басталды. Сондай-ақ еліміз бойынша ең таза қалалардың қатарына енген шаһарды көркейту – басты назарда. Бұл орайда, тазалықшылардың жалақысы көтеріліп, тазалық мекемесі қажетті техникамен қамтамасыз етіліп жатқаны да атап айтылды. «Қызылорда тазалығы» мекемесі бұған дейін 240 көшенің тазалығына жауапты болса, қазір қала аумағының кеңеюіне байланысты жүктемесі де арта түсіп, 826 көшеге тазалық жұмысын жүргізеді.

ПРЕЗИДЕНТ САЯБАҒЫ – ҚАЛАЛЫҚТАРДЫҢ СҮЙІКТІ ОРНЫ

– Абаттандыру бағыты бойынша байыпты бастамалар сәтті жүзеге асуда. Биыл аймақ басшысының тікелей қолдауымен қаланы және елді мекендерді абаттандыруға 11 млрд 648 млн теңге бөлінді. Оның басым бөлігіне Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Бұл демалыс аймағында мыңдаған ағаш көшеттері, бұталар мен көпжылдық гүлдер егіліп, заманауи спринклерлік және тамшылатып суару жүйелері орнатылды. Саябаққа келушілердің қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін автожол және автотұрақ құрылысы жүргізілуде. Қазіргі таңда жұмыстардың 90 пайызы аяқталып, жақын күндері пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттерін нығайту жұмыстарына да тиісті қаражат қаралды. Бөгет жиегінде екі жолақты жаяу жүргінші және велосипед жолы салынуда. Жоспар бойынша өзен жағалауын су тасқынынан қорғап қана қоймай, тұрғындар үшін тағы бір тамаша демалыс аймағын қалыптастырамыз. Осындай игі істің жалғасы ретінде, дария үстінен Астана мөлтек ауданы мен Президент саябағын жалғайтын жаяу жүргіншілер көпірі салынады. Жоба мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды. Енді нақты жұмыс басталады, – деді қала әкімі Нұржан Ахатов.

ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚАЛА


Қарқынды қалада биыл пайдалануға берілген ғимараттар аз емес. Жыл басында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында «Достық үйінің» жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Сондай-ақ «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының демеушілігімен салынған Инклюзивті спорт орталығы ашылды. Сонымен қатар бизнес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына ортақ алаң болған «Құзыреттілік орталығы» заңсыз әкізетер есебінен салынып, пайдалануға берілді. Жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы да ашылды. 10 млрд теңгеге салынған 300 орындық лагерьдің материалдық-техникалық базасы әлемдік озық стандарттарға сай. Лагерь жанынан Ботаникалық бақ пайдалануға берілді.

Қалада құрылыс әлі де қызу жүруде. Мәселен, биыл 300 орындық көпбейінді аурухананы пайдалануға беру жоспарланған. Қаланың сол жағалауында 500 орындық емхана, Президент саябағы аумағында 200 орындық перинаталдық орталық салынууда. Титов шағын ауданында 400 орындық емхананың құрылысы жүргізілуде.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен облыс орталығында Президенттік кітапхананың құрылысы, жаңа драма театрының іргетасы қаланды. Бүгінде құрылысы аяқталуға жақын «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің аумағы – 26 мың шаршы метр. 50 метрлік жүзу бассейні, 2500 орындық әмбебап спорт залы және 300 орындық конференц-залы бар кешен халықаралық деңгейдегі спорттық жарыстар өткізуге мүмкіндігі бар. Алдағы уақытта әлі жүзеге асыратын жобалар бар. Қазіргі таңда 108 млрд теңгені құрайтын 101 жоба әзірленіп, республикалық және облыстық бюджетке ұсынылды, – дейді шаһар басшысы.

P.S. Бұдан екі жыл бұрын дәл осы күні, яғни 1 тамызда қала әкімі болып тағайындалған Нұржан Ахатовтың шаһар басшысы ретіндегі ұстанымы да тұрғындар арманымын үндеседі. Өзі айтқандай, «басты мақсат – көрсеткіштерге қол жеткізу емес, әрбір тұрғынның қалада өзін қауіпсіз және жайлы сезінуіне жағдай жасау».

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА





Дәстүрлі орындаушыларды дәріп-теу – «Жыраулар үйінің» ерекше жобасы. Тоғжан Өтенованың «Сырлы әуен – сырнайлы кеш» тақырыбындағы алғашқы шығармашылық ән кешінің өтуі өнер иесінің таланттының толысуына ерекше мүмкіндік берді. Кеш барысында көрермен қазақтың дәстүрлі ән өнері мен Нартай Бекежанов қалыптастырған мектептің жауһар туындыларын тыңдап, ұлттық өнердің терең болмысын сезінді. Алғашқы бөлімде Тоғжан Өтенова сырнай сүйемелімен жеке орындаудағы шығармаларын ұсыныса, екінші бөлімде «Ақмешіт» ансамблінің сүйемелдеуімен дәстүрлі әндерді орындады. Ал кештің қорытынды бөлімінде көрерменге эстрадалық бағыттағы танымал әндер тарту етіліп, ерекше әсер сыйлады.

Жыраулар үйіндегі ғылыми мамандардың жұмысы да жүйелі жүруде. Олар Сыр

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРГЕ ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ



Облыстық филармония жанынан ашылған «Жыраулар үйі» бүгінде өнердің қасиетті қарашанырағына айналды. Өнер ордасында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар өнерпаздардың қатысуымен рухани іс-шаралар, дөңгелек үстел, түрлі тақырыптағы басқосулар жиі ұйымдастырылуда. Өнерсүйер қауымды рухани тағылыммен сусындатып отырған құт мекен өз көрермендерімен көзайым болуда. Сондай-ақ «Жыраулар үйінің» архив қоры құнды жәдігерлерімен күннен-күнге толығып келе жатқаны халықтың өнерге деген құрметі мен ыстық ықыласы. Мәселен, биыл Сыр өңірінің жыраулық дәстүрінің көрнекті өкілі, өнертанушы, сазгер Жұмабек Аққұловтың көзі тірісінде жинаған шығармашылық мұрасын ұлы Алматы Аққұлов пен келіні Салтанат Аққұлова қорға табыстады. Бұл – қарнайым жазба емес, 54 кассетада Сыр сүлейлерінің дәстүрлі орындаушылығынан ұрпаққа жеткен баға жетпес қазына бар. Жұмабек Жарылқасынұлы өзі айтып кеткендей, «Өнер – халықтыкі, жыр – жұртқа ортақ». Бүгін оның жинаған мұрасы – ұрпаққа аманат, ұлттық өнерге қалдырған бағалы үлгі ретінде қызмет етуде.

«Шыңғыснама» дастаны – XII-XIII ғасырлардағы ұлы дала тарихын, көшпелі ұлыстардың бір ту астына бірігуін, елдік пен заңға адалдықты суреттейтін бірегей эпикалық шығарма.

Рухани кеште Сыр бойы жыраулық мектебінің белді өкілдері «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Руслан Ахметов, «Құрмет» орденінің иегері Шолпан Бимбетова, халықаралық байқаулардың лауреаты Әділхан Қуанбаев, «Құрмет» орденінің иегері Ақмарал Ноғайбаева, Мәдениет саласының үздігі Марат Сүгірбай, «Күміс домбыра» иегері Бексұлтан Орынбасар, халықаралық байқаулардың жеңімпазы Тоғжан Өтенова сахна төріне шықты. Олар тарихи дастанның ең маңызды тарауларын арнайы шежірелік реттілікпен жырлап, көрерменді ғасырлар қойнауына жетеледі.

– Жыраулар үйінің ұйымдастыруымен Алтын Орда дәуірінен жеткен бірегей музыкалық мұра – «Ақсақ құлан» күйінің 800 жылдығына арналған «Абыз тұлға – Кетбұға» атты танымдық кештің қоны ерекше. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық мінберде бұл туындыны ұлттық руханияттың символы ретінде атап көрсетуінің өзі құндылығының дәлелі. Танымдық кеш барысында Кетбұғаның тарихи тұлғасына арналған бейнебаян көрсетіліп, өнертану ғылымдарының кандидаты Гүлнар Ысқакова «Ақсақ құлан – көне аңыз күйі» тақырыбында баяндама жасап, Жыраулар үйінің ғылыми қызметкері Феруза Оңғалап күйдің тарихи-рухани маңызына тоқталды. Бұл күн нағыз өнер мерекесі болды, – дейді Жыраулар үйінің жетекшісі Амандық Бүрлібаев.

ТӘРТІПКЕ БАҒЫНБАҒАНДАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2026 жылдың алғашқы алты айындағы сот төрелігінің қорытындылары жарияланды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өңірде өткен жылмен салыстырғанда сотталғандар саны артқан. Есепті кезеңде сот тарапынан 55 тұлғаға қатысты 33 қылмыстық іс қаралған. Өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда аяқталған істер саны 1 іске көбінесе, ал сотталғандар 15 адамға артқан. Есепті мерзімде

сот өндірісіне адам өлтіру, зорлау, зорлық-зомбылық әрекеттері, адам ұрлау, қорқытып алу, есірткі заттарына байланысты қылмыстар және жол-көлік оқиғаларына қатысты қылмыстық істер түсті.

Қаралған істердің нәтижесінде 40 тұлғаға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Оның ішінде 5 іс бойынша 5 сотталушыға өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы қолданылды.

– Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған істердің қатарында биыл қоғамда кең резонанс тудырған, 7-сынып оқушысының көзінше оның анасы мен әжесін өлтіру фактісі бойынша қаралған қылмыстық іс те

бар. Сот үкімімен айыпталушы өмір бойына бас бостандығынан айырылып, жазасын қылмыстық атқару жүйесінің тетенше қауіпсіздік мекемесінде өтеу белгіленді, – дейді облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төраға міндетін атқарушы Думан Икрамұлы.

Сонымен қатар есептік кезеңде алқабилердің қатысуымен 3 тұлғаға қатысты 1 қылмыстық іс қаралды.

Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының баспасөз қызметі

ҮМІТ ЖІБІНЕ ІЛІНГЕН ТАҒДЫР



Мейлі, мейлі, екі ұлымды қакса да уақыт аркадан, Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі жарты адам! Иә, бізді қайда апармақ мына заман ықпалы, Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады, – деп тек шындықты ту еткен айбарлы акын Мұхтар Шаханов тереңнен ой толғаған. Қазір қоғамда қол аяғы бүтін болғанмен, белсенділігі төмен көшке ілесе алмай рухани жағынан дами алмай жатқан адамдар қаншама. Тағы да Мұхтар ақынға жүгінісек

Есегінен езі жігіт құлағанда Жұбатындар, Аяңдар, Өйткені оның, Құм боп кетер жігері жылағанда. Алуан тағдыр берілген бұл адамға, Тұлпарынан ер жігіт құлағанда, Жұбатпаңдар! Ер адам от-жігерін Намысына жаниды

жылағанда, – деген өлең жолындағы кейіпкердей жігерсіз жандар қаншама. Ал біздің бүгінгі кейіпкеріміз Қуаныш Нұржігітов тағдырдың қаншама сынағына ұшырап, мүгедектік қамытын киіп сәби кезінен өмірдің қиын өткелдерінен өтсе де мойымаған, жігері от, жаны жайсаң жан.

Шығармашылық үйіне арнайы келіп, қаламгерлермен сұхбат құрғысы келген жігерлі жасты біз де құшақ жая қарсы алып, әңгімелестік. Әдепкіде «сөзге калай тартсам екен? Қанша дегенмен жан дүниесіне мұң қонақтаған жан екен» деген ойлар санамды сансыратқаны рас. Дегенмен қарсы алдымда мен күткеннен басқа, жанарында үміт оты жарқыраған, кеудесі күмбірлеген сезімге толы, тағдырына дән риза жан тұрды.

Менің де шашыраған ойым бүтінделді. Себебі өмірдің керемет екенін мойындап, тағдыр талқысына төтеп беріп, жұдырықтай жүрегің кірлетпеген өмірге ғашық жанды көріп танғалдым.

Шиелі ауданында дүниеге келіп, қалада өскен. Өзінің айтуынша, жеті айлығында өмір есігін ашып, өмірге сап-сау болып келген бала 40 күннен соң ДЦП дертіне шалдыққан. Өйтсе де бала қиял шарықтап, өз арманынан бас тартуға бойдағы қайраты дес бермеген.

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ



Медициналық тексеруден өткені туралы ақпарат алынғаннан кейін ол автоматты түрде жаңартылады. Бас прокуратура азаматтарға алдын ала медициналық тексеруден өтуді қатаң ұсынады. Сонымен қатар заңда көзделген жағдайларда, жол қозғалысы ережелерін бұзған жүргізушілер теориялық жүргізу емтиханын қайта тапсыруға міндетті болуы мүмкін. Шешімді алғаннан

Басы 1-бетте

Жақында эстрада әншісі Әділет Жауғашардың «Сүй, иә» атты жаңа әні әлеуметтік желіде талқыға түсті. Әннің мәтініндегі «сұлудың «жоқ» дегені – «иә» деген сөзі наразылық тудырды. «TikTok» пен «Instagram» желісінде бойжеткендер әнші концертіне бойкот жариялады. Бүгінгі қазақ қоғамы – тұрмыстық зорлық-зомбылық, әйел құқығын шектеумен күресіп, жаңа заңдық және моральдық құндылықтарды қалыптастырып жатыр. Мұндай сезімтал кезеңде ән мәтінінің халық тарапынан қатаң сынға ұшырауы заңдылық еді. Желі қолданушыларының сынынан кейін әнші халықтан ресми түрде кешірім сұрап, туындыны репертуарынан алып тастауға мәжбүр болды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнамалық және әлеуметтік күрес күшейіп жатқан тұста, белсенділер мен қарапайым тыңдармандар бұл сөздерді қауіпті тренд деп саналды. Желіде «қыздың жоқ дегені – жоқ» деген ұранмен қарсы видеолар түсіріліп, әншінің Алматы Аренада өтетін концертіне бойкот жариялау ұсынылды. «Жоқ» деген сөз кез келген жағдайда бас тартуды білдіретінін, оны «иә» деп бұрмалау зорлықшылардың психологиясын ақтайтынын алға тартты. Желі қолданушысы Балнұр Қалдыбек әннің өзгертілген нұсқасын айтып, елімізде қаза тапқан Салтанат Нүкенова, Айзат Жұманова секілді қыздардың тағдырын еске салды. Ол «жоқ» деген сөзді қабылдау – тәрбиенің белгісі» деген пікірде.

Еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес алғаш рет 2009 жылы еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы шарттары аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заң қабылданды. Заңнамаға негізгі ұғымдар мен 30 күндік «қорғау нұсқамасы» енгізілді. Алайда ол кезде агрессорлар үшін қатаң қылмыстық жауапкершілік қаралмады. Тек 2024 жылы халық арасында «Салтанат заңы» деп



КӨПТІҢ АШУЫН ТУДЫРҒАН ӘН НЕМЕСЕ « ЖОҚ ДЕГЕНІ —ЖОҚ»

аталған жаңа құжат аясында ұрып-соғу мен денсаулыққа жеңіл зиян келтіру баптары әкімшілік кодекстен қылмыстық кодекске ауыстырылып, жаза түбегейлі қаталыды.

Бұл мәселенің бүгінде жеке отбасының ғана емес, тұтас қоғамның қасіретіне айналғанын тағы бір мәрте дәлелдейді. Жаңа құқықтық нормалардың аймақтарда қалай орындалып жатқаны және отбасылық агрессиямен күрестің нақты нәтижелері жергілікті жерлерде де ашық талқылана бастады. Мәселен, Қызылордада өткен «Қауіпсіз қоғам: отбасы, тәрбие және жауапкершілік» атты жиында заң талаптарының өңірдегі көрінісі сөз болды. Сүйенер заң күшейгелі бері жәбірленушілердің де құқық қорғау органдарына сенімі артып, жасырын қалып келген деректер сыртқа шыға бастаған. Осы жиынның мәліметінше, жыл басынан бері қалалық полиция басқармасына тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты мыңнан астам хабарлама түскен. Нәтижесінде 700-ге жуық азамат профилактикалық есепке алынып, 152 адамның мінез-құлқына ерекше бақылау қойылғаны айтылды.

Осы кезеңде облыстық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына 25 ана жүгінген екен. Мұнда әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, құқықтық, психологиялық, ембек, экономикалық, педагогикалық және мәдени бағыттарды қамтитын қызмет көрсетіледі. Өткен жылы орталықтың қолдауымен 69 әйел отбасына қайта оралып, түйткілерін шешуге мүмкіндік алған. Қалалық полиция басқармасының отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бөлімшесінің бастығы Айгерім Ерболаттың мәліметінше, биыл отбасылық-тұрмыстық бағыттағы қылмыс саны 14-ке жеткен. Өкінішке қарай, олардың арасында адам өлімімен аяқталған фактілер де бар. Ал биыл қылмыстық кодекстің сталкинг бабымен 4 адам айыпталған. Сталкинг – адамның еркінен тыс оны жүйелі түрде мазалау, анду, байланыс орнатуға тырысу және психологиялық қысым көрсету. Қылмыстық кодексте ол үшін екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл, екі жүз сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тарту немесе елу тәулікке дейін қамау түріндегі жаза көзделген. Бұған дейін қыз-келіншектерді көшеде, жұмыс орнында немесе әлеуметтік желіде үнемі аңдып, маза бермейтіндерге шара қолдану қиын болса, қазір бұл әрекет қылмыс деп танылады.

Қызу талқыдан соң әнші ресми түрде кешірім сұрап, бұл әнді енді орындамайтынын мәлімдеді. Сондай-ақ әнге мәтін жазар кезде Әзілхан Нұршайықовтың шығармасына сүйенгенін, зорлық-зомбылыққа, тиранияға қарсы екенін жеткізді.

– Әлеуметтік желіде өзіме қатысты айтылып жатқан пікірлерді көріп, оқыдым. «Сүй, иә» әнін жазғанда жазушы Әзілхан Нұршайықовтың сөзіне сүйендік. Бірақ ол кісі өмір сүрген қоғам мен қазіргі қоғамның айырмашылығын ескермеппіз. Бұл әннің көптің көңіліне тиетінін ойламадық. Өзім де зорлық-зомбылыққа қарсымын. Оның үстіне анамның тәрбиесінде өстім. Егер бұл ән сіздердің көңілдеріңізден шықпаса, енді оны орындамаймын, – деді әнші.

Әнші алға тартқан қазақ әдебиетінің інжу-маржаны, Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы Ербол мен Ментайдың сырласу сәті еді. Шығармада Ментай Ерболға ішкі сезімін ақтарып, өткен күннің өкінішін былай жеткізді: «Сіздің маған деген оттай ыстық махаббатыңыз ерітіп, есімді алатын. Бірақ бұрын біреумен уәдесіңіз қойғаннан кейін сізге сырымды бермей... еріп, елжіреп тұрсам да шегедей қатты боп көрінуге тырысағынмын». Сүйегінің бұл сөзіне Ербол жыларман болып, уәдесіне қиянат жасамау үшін ғана қадам басапанын айтқанда, Ментай оған: «Қай қыз жігітке айтқаның бола қойсын дейді. Көңілі бар қыздың «болмайды» дегені, «болады» дегені екенін білмейтін бе едіңіз? Сонда сіз анау Тұмажанға ұқсап, бауырыңызға қысып, босатпай қойсаңыз, онда мен сіздікі едім ғой», – деп наз айтады. Романда Ментай тек «көңілі бар қыздың» ишарасы туралы айтаса, заманауи ән мәтінінде бұл сөз «сұлудың «жоқ» дегені – «иә» деп жалпылама өзгертіліп, мүлдем басқа сипат алған.

Әншінің қателігін дер кезінде түсініп, қалам жасауы құптарлық. Бірақ бұл жағдай бізге үлкен сабақ болуы тиіс. Желі белсенділері «жоқ» деген сөзді қабылдау – тәрбиенің белгісі» деп ұрандауы тегін емес. «Жоқ» – бұл сылаңдау да, ұялу да емес. Бұл – адамның еркі мен шекарасы. Қарсы тараптың бұл шекараны көре білуі және оған тоқтауы – ең бірінші кезекте ішкі мәдениет пен тәрбиеден басталады.

Әділет Жауғашардың тыңдармандарының көбі – мектеп оқушылары мен жастар. Сондықтан мемлекет пен қоғам зорлықтың кез келген көрінісіне төзбейі қажет. Заңдарды қатайтып жатқан тұста, шоу-бизнес өкілдерінің де жауапкершілікті сезінетін уақыты келді. Бүгінгі оқырман да, тыңдарман да енді бұрынғыдай жеңілтек ұйқастарға көз жұма қарамайды. Құқық қорғаушылар мен психологтар еліміздегі көптеген қайғылы жағдайдың дәл осы «қыздың бас тартуын байсалды қабылдамаудан» басталатынын дабыл қағып айтуда. Қылмыстық істерде зорлықшылар көбіне «ол өзі маған үміт сыйлады, қыздардың жоқ дегені не емес пе, мен оны солай түсіндім» деп ақталды. Мұндай әндер зорлықшылардың

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІНЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНЕДІ?

кейін екі ай ішінде дәлелді себепсіз емтиханға келмеу олардың жүргізуші куәлігінен айырылуға әкеп соғады. Жаңа заңның тағы бір қатаң талабы – жолда жиі апатты жағдай туғызып, өрескел қателік жіберетін жүргізушілерге қатысты. Мысалы, жол қиылысынан өту кезінде апаттық жағдай туғызу, белгіленген жылдамдықты бірнеше рет асыру, маневр жасау, жолақ ауыстыру немесе басып озу қағидаларын қауіпті түрде бұзу сияқты өрескел құқық бұзушылықтар. Енді олар тек айыппұлмен құтыла алмайды. Полицияның нұсқауымен мұндай жүргізушілер жол жүру ережесін білу деңгейін тексеру үшін қайтадан теориялық емтихан тапсыруға міндеттеледі. Егер қаулы алғаннан кейін 2 ай ішінде емтиханнан өтпесе немесе оған мүлдем келмесе, жүргізуші куәлігі автоматты түрде жарамсыз деп танылады.

Алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік басқарғаны үшін жауапкершілік күшейтілді. Енді апат жасап, жәбірленушімен өзара татуласып, істі жауып тастау мүмкін емес. Қылмыстық іс сотқа жетпей жабылса да, жүргізуші бәрібір 8 жылға рульден айырылады. Ал егер жүргізуші куәлігі болмаса, оны сегіз жыл бойы алу мүмкін болмайды.

Жаңа заң талаптарына сәйкес, бұдан былай белгіленген негіздер бойынша көлік жүргізу құқығын уақытша тоқтату немесе одан айыру үшін жеке сот шешімі талап етілмейді. Тиісті шешімді заңда белгіленген қатаң тәртіппен

тікелей уәкілетті мемлекеттік орган қабылдайды. Бұл ретте, шектеу қою процедурасының нақты қалай және қандай алгоритм бойынша жүзеге асырылатынын уәкілетті органның өзі дербес айқындайды. Мұндай қадам ұзаққа созылатын сот бюрократиясын айналып өтіп, ереже бұзушыларды немесе денсаулығы жарамайтын тұлғаларды жол қозғалысынан жедел әрі уақыт созбай шеттетуге мүмкіндік береді. «Полицияға сотсыз құқық беру күзіндетін асыра пайдалануға ұрындырмай ма?» деген сұрақ қоғамда жоқ емес. Алайда бұл жердегі басты бақылаушы – инспектор емес, цифрлық жүйе. Бәрі автоматты түрде, нақты электронды деректер негізінде атқарылатындықтан жемқорлыққа жол берілмейді. Ал зансыздық орын алған жағдайда, жүргізушінің сотқа шағымдану құқығы сақталады.

Бұл өзгерістер жол қауіпсіздігін арттыруға, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған. Күшіне енетін заң жобасы еліміздегі жол мәдениетін жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Заңның басты мақсаты – жазалау емес, жолдағы әрбір азаматтың өмірін сақтау. Сондықтан құқық бұзушылық пен күтпеген шығындардың алдын алу үшін жаңа ережелерді бүгіннен бастап жаттап, қатаң сақтаған жөн.

Д.РАХЫМЖАНҰЛЫ

■ МАМАН КЕҢЕСІ

САРЫП – ҚАУІПТІ АУРУ

Сарып (бруцеллез) – бұл адамдар мен малдың төменгі температура мен дымқыл ортаға тұрақты ұсақ микробағзалармен жұғатын жұқпалы ауру түрі, көбіне созылмалы түрде өтеді.

Қоздырғышы: аурудың қоздырғышы Brucella туысына жататын бактериялар. Көнде – 75 күн, жерде – 3 ай, қойдың жүнінде – 3-4 ай, сүтте – 20-70 күнге дейін сақталады. Бірақ қайнатқан кезде бірден жойылады.

Жүгу жолдары: Қоздырғыш көзі ауылшаруашылық малдары (ұсақ және ірі мүйізді жануарлар, шошқалар), кей жағдайда ит пен мысықтан жұғады. Жануарларда бұл ауру белгілерсіз, жасырын өтеді, бірақ бруцелла зәрмен, нәжіспен, сүтпен бөлініп шығады. Ал адамдар ауруды осы малмен байланыста болғанда және зарарланған тамақ өнімдерін (сүт, қаймақ, ірімшік, сары май т.б.) қолданғанда, тері бүлінуі арқылы (мал тудырғанда, мал сойғанда, жүн кырку) жұқтырып алады. Мал дәрігерлері, қасапшылар арасында жиі кездеседі. Десек те, бруцеллезбен ауырған адам қоздырғыш көзі емес. Жұқтырған адам қатты ауырады және ұзаққа созылады. Сарып ұзаққа созылып қайталана беретін ауру болғандықтан көп жағдайда адам жұмысқа жарамайтын мүгедек болып та қалады. Сарып ауруы негізінен кәсіпшілдік сипат алып келеді.

Белгілері: Жігі бруцеллез ауру жұқтырғаннан кейін аурудың бірінші белгілері 1-3 аптада білінеді, кейде бірнеше айдан кейін ауру біртіндеп басталады. Қызу 37°-тан 39-40°-қа дейін көтеріліп, 3-7 күн қалтырап, дірілдейді. Сонымен қатар, лимфа түйіндері ұлғаяды. Бұлшық ет және буындары ауырады. Осы орайда ескере кететін жайт, созылмалы сарып белсенді және белсенді емес болуы мүмкін. Белсенді түрінде қалыпты жағдайдағы адамда аздап қызу көтеріледі. Дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, тершендік буын мен бұлшық еттің ауыруы, бас ауруы, ұйқының бұзылуы белгілері болады. Созылмалы түрінде буын жүйесі жүйесі, жүрек зақымданады. Аурудың жағдайы ауру белгілері байқалғанда күрт төмендейді.

Асқинулары: Тірек-қимыл аппараты зақымданады, соның нәтижесінде, бірнеше буын, негізінде ірі буындар және омыртқа (бел-сегізкөз) буындары мен омыртқасы қозғалысы шектеліп, ауырыну пайда болады. Жүйке жүйесі, (радикулит), жыныстық жүйе бұзылады (еректерде белсіздік, әйелдерде бедеулік). Ал, созылмалы белсенді емес бруцеллез – асқынусыз айлап, жылдап жүре беретін ауру.

Диагностикасы: Қан талдауы. Серологиялық тексерулер. Бруцеллезге диагноз зертханалық және рентгендік зерттеуден соң қойылады.

Емі: Антибиотиктермен ұзақ емделеді. Дәрігер бақылауы міндетті, өзін өзі емдеуге болмайды.

Алдын алу шаралары: малды уақытлы тексеріп, вакцинациялау, сүт пен ет өнімдерін міндетті түрде термиялық өңдеуден өткізу, жеке гигиенаны сақтау.

Бруцеллезге ұшыраған малы бар шаруашылығында жұмыс істейтіндер арнайы халат, комбинезон, етік, резеңке қолғап сияқты, арнаулы киім кию керек. Түсікті немесе өлі туған төлді, оның қағанақ қабығы ман шұын жалаңаш қолмен ұстауға болмайды. Сонымен қатар жеке шаруашылығындағы мал күтетін адамдар жеке бас тазалығын сақтап, жылына 1 рет алдын алу тексеруінен өтулері керек.

Э.КАРНЕВА,

«Қызылорда обаға қарсы күрес станциясы» зертхана меңгерушісі

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аттасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәзімметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3291 Тапсырыс №1301

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА